

*Бекітемін:
«Күншуақ» бөбекжай-балабақшысы»
жеке меншік мекемесінің директоры
А.Е.Баянова*

«Алтын асық!»

(МАТ, «Алтын сақа» тобының интеллектуалды ойын)



Тәрбиеші: Г.О. Жамшиова

Мамыр 13.05. 2025 жыл

Тақырыбы: «Алтын асық» интеллектуалды ойын-сайысы.

Мақсаты:

Жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті қонатар мен балалар! Бүгінгі «Алтын асық» интеллектуалды ойын-сайысына қош келдіңіздер!

Ал келіңдер, келіңдер,

Бір-біріне еріңдер.

Өздерінді тексеріп

Ойынға қатысып көріңдер-деп бүгінгі ойын топтық сайыс түрінде өтеді. Енді сайысқа қатысатын балаларымызбен танысайық.

«Тұмар» тобы

Топ басшысы: С,Әлинұр

Топ мүшелері: Райана, Ханшайым.

«Торсық» тобы

Топ басшысы: Алихан

Топ мүшелері: Жарас, Ақбөбек

«Қоржын» тобы

Топ басшысы: Нұрхан

Топ мүшелері: Медина, Гауһартас.

Ендігі кезекте бүгінгі сайысымыздың шарттарымен танысайық .

Сайысымыз 7- бөлімнен тұрады.

1-КЕЗЕҢ: «Кім көп біледі?»

2-КЕЗЕҢ: «Тапқыр болсаң, тауып көр»

3-КЕЗЕҢ: «Суреттер сөйлейді»

4-КЕЗЕҢ: «Ұшқыр ой»

5-КЕЗЕҢ: «Кім жылдам?»

6-КЕЗЕҢ: «Шолпы» әдісі

7-КЕЗЕҢ: «Шығармашылық»

1-КЕЗЕҢ: «Кім көп біледі?»

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРІ

- а) Биік төбелі, маңдайы, екі құлағы бар, желке, жотаны жауып тұратын артқы етекпен тұратын, аңның, малдың терісінен тігілген қысқы баскиім. Суықтан, бораннан қорғайтындай мол пішіледі. Бұл бас киімнің атауы қандай?

- b) Әрі жеңіл, әрі жұмсақ аяқ киім. Ол әсіресе тазалық үшін аса қолайлы. Аяқ киімнің атуы қандай?
- c) Ұзатылатын қыз киетін аса бағалы биік төбелі салтанатты бас киім. Бұл бас киімнің атауы қандай?
- d) Әйелдер ұлт киімінің бір түрі, оны көйлек сыртынан киеді. Жағасы мен жеңі ойылмалы, белі қынамалы, етегі тізеден төмен болып келеді. Ол барқыт, пүліш, мақпал сияқты асыл, сапалы кездемелерден тігіледі. Бұл киімнің атауы қандай?

2-КЕЗЕҢ: «Тапқыр болсаң, тауып көр»

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРЫ

Шарты: аспаптардың дыбысы арқылы ажыратып таба білу.

3-КЕЗЕҢ: «Суреттер сөйлейді»

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАРЫ

Шарты: қазақтың ұлттық тағамдарының суреттері беріледі, тауып атын атау.

4-КЕЗЕҢ: «Үшқыр ой»

ҚАЗАҚТЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ

Шарты: Қазақтың салт-дәстүрлерінің суреті немесе атауы сұрақ ретінде қойылады, дәстүрдің мағынасын айту.

5-КЕЗЕҢ: «Кім жылдам?»

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР

Шарты: Суреттегі ұлттық ойынның атауын табыңыз.

6-КЕЗЕҢ: «Шолпы» әдісі

Шарты: Бірілген жарты суреттен ертегінің атауын атап жазу, дыбыстық талдау жасау, буынға бөлу.

7-КЕЗЕҢ: «Шығармашылық»

Шарты: әр топ өз атауларына байланысты қолөнер жасау, әсемдеу және оны қорғау.

Жүргізуші: Жеңбедім, жеңілдім деп ренжіме.

Қатысуда бір жеңіс, жан болсаң екен ұғатын.

Осымен ойы ойынды тамандасақ.

Бұл жарысты өткізер ме ек жаман болсақ

Үйрендік білмегенді осы жолы,

Тағыда үйренерміз аман болсақ.

Қорытынды: Мадақтау, диплом беру.

